



**Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің
құрылыш істері жөніндегі комитетінің мәселелері<*>**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсан N 1778.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.21. N 1022 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.07.21. N 1022
қаулысымен. P991022_

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі
арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997
жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығын іске асыру мақсатында
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика,

индустрия және сауда министрлігінің құрылыш істері жөніндегі комитеті
(бұдан әрі - Комитет) туралы ереже бекітілсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. Атауы және 1-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.12.08. N 1256
қаулысымен.

P981256_

2. Комитеттің құрылымы қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Фылыми-техникалық кеңес Комитеттің алқалық органы болып
белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 18 желтоқсандағы

N 1778 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия
және сауда министрлігінің құрылыш істері жөніндегі
комитеті (Қазқұрылышкомитеті) туралы

<*>

ЕРЕЖЕ

МИССИЯСЫ

Адамның Қазақстан Республикасы аумағында өмір сүруі мен
тыныс-тіршілігінің толық мәнді ортасын құру.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің құрылыш істері жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) мемлекеттік басқару органы болып табылады. <*>

ЕСКЕРТУ. Атауы және 1-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.12.08. N 1256
қаулысымен. Р981256_

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына,
зандарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне,
өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы Энергетика,
индустрия және сауда министрлігінің шешімдеріне, сондай-ақ осы Ережеге
сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын
дербес жүзеге асырады.

Зандарда және нормативтік құқықтық актілерде көзделген шектерде құрылыш,
сәулет, қала құрылышы, құрылыш индустриясының өндірістік базасын дамыту,
тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында мемлекеттік
саясатты іске асыруда салааралық үйлестіру мен басшылықты жүргізеді.

4. Комитет занды тұлға болып табылады, банктерде шоттары,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз
атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

5. Комитеттің аппаратын ұстауға арналған шығыстарды

қаржыландыру Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігін ұстауға республикалық бюджеттен бөлінетін қаржының есебінен жүзеге асырылады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1998.12.08. N 1256 қаулысымен.

P981256_

II. БАСЫМДЫҚТАРЫ

6. Комитеттің қызметіндегі басымдықтары мыналар болып табылады:

Қазақстан-2030 стратегиясына сәйкес тұрғын үй құрылышы

бағдарламасын іске асыру және тұрғын үй рыногын қалыптастыру;

<*>

нарықтық жағдайларда жұмыс істеу үшін шаруашылық жүргізу принциптері мен өндіріс жүйелерін реформалау;

құрылыш саласы мен сәулет-қала құрылышы қызметін нормативтік қамтамасыз етудің ұлттық жүйесін дамыту;

халықаралық сертификаттаумен бәсекелестік қабілеті құрылыш өнімдері өндірісін дамыту.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1998.12.08. N 1256 қаулысымен.

P981256_

III. МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

7. Комитеттің негізгі міндеттері:

елде тұрғын үй проблемасын кезең-кезеңімен шешу;

тұрғын үй құрылышын қаржыландыру және несиелендіру схемасын өзірлеуге қатысу;

<*>

салаға инвестициялар тарту үшін жағдайды жақсарту және тұрғын Үй рыногын дамыту;

<*>

аумақтарда оңтайлы құрылыш салу және елді мекендерді дамыту; салалық ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру;

өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы үйлер мен ғимараттарды, инженерлік және көліктік инфрақұрылым объектілерін жобалауға, құрылышын салуға және пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттамалардың базасын дамыту;

<*>

әлеуметтік, инженерлік және көліктік инфрақұрылымдарды, коммуналдық шаруашылықтың бас ғимараттарын дамыту;

озық технологияларды қолдану және тиімді материалдар мен бұйымдар, импортты алмастыратын құрылыш өнімдерін шығару негізінде құрылыштың өндірістік базасын дамыту бағдарламасын іске асыру; <*>

құрылыш өнімдерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау, объектілердің құрылышы мен оларды пайдаланудың сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

отандық жобалау және құрылыш өнімдерінің сапасы мен бәсекелестік қабілеттігін жаңа құрылышта инвестицияларды пайдаланудың тиімділігін арттыру; <*>

еңбек пен құрылыш өнімдерінің ішкі рыногын қорғау;

құрылыш қызметінде интеграциялық процестерді терендешту болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.12.08. N 1256 қаулысымен.

P981256_

8. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды орындауды:

саланы мемлекеттік басқаруды, сәулет-қала құрылышы қызметін салааралық және аумақтық үйлестіру мен мемлекеттік тұрғын үй және құрылыш саясатын іске асыруды жүзеге асырады;

құрылыш, сәulet, қала құрылышы салаларында мемлекеттік саясатты, тұрғын үй құрылышы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты, құрылыш материалдары өнеркәсібінің, құрылыш индустриясының өндірістік базаларын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын қалыптастырады және олардың іске асырылу барысына бақылау жасайды:

сәulet-қала құрылышы қызметі саласында мемлекеттік реттеудің қазіргі заманғы экономикалық жағдайларға бара-бар әдістерінің жүйесін әзірлейді, нарықтық қатынастарды жетілдіруге, әлеуметтік әріптестікті дамытуға ықпал етеді;

өз күзыретінің шегінде өзге де мемлекеттік органдардың құрылыш, сәulet, қала құрылышы, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

салалық ғылыми-техникалық саясатты әзірлейді және жүргізеді, бағдарламаларды іске асыруды ұйымдастырады; <*>

инженерлік ізденістер, жобалау, қала құрылышы, құрылыш, курделі жөндеу, қайта жаңарту, кеңейту және техникалық қайта жарақтандыру саласында нормативтік актілерді, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалану саласында нормативтік актілерді әзірлейді; <*>

мемлекеттік тұрғын үй саясатын, тұрғын үй құрылышы, құрылыш материалдары өндірісінде жаңа технологияларды дамыту және құрылыш индустриясының өндірістік базасын құрылымдық қайта құру бағдарламаларын іске асыру жөніндегі іс-қимылды үйлестіреді; <*>

халықтың тыныс-тіршілігі үшін толық мәнді орта жасау мақсатында қалалар мен басқа да елді мекендерде құрылыш салу барысында халықты орналастыру жүйесін жетілдіру, үйлер мен ғимараттардың конструктивтік сенімділігі мен сәulet-көркемдік шешімдерінің сапасын арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

белгіленген тәртіппен тұрғын үй саясаты, құрылыш, сәulet, қала құрылышы мәселелері, құрылыштың, құрылыш материалдары өнеркәсібінің, құрылыш индустриясының және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың материалдық-техникалық базасын дамытудың басымдықты бағыттары жөніндегі заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді және енгізеді;

Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің, сондай-ақ басқа да министрліктер мен ведомстволардың күзыретіне кіретін мәселелер бойынша заңдық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

сәulet-қала құрылышы саласындағы мемлекеттік техникалық нормативтерді, сондай-ақ тұрғын үй қорын пайдалану мен күтіп ұстау жөніндегі нормативтерді

әзірлеуді қамтамасыз етеді, қабылдайды және бекітеді, қолданысқа енгізеді және шығарады, олардың сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

министрліктер, ведомстволар, ұйымдар, кәсіпорындар және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер әзірлеген құрылыш материалдарына, бұйымдарына және конструкцияларына арналған техникалық шарттар мен стандарттарға сараптау мен келісуді қамтамасыз етеді;

инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалаудың әдістемелерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді және енгізеді;

республикалық бюджет қаражатының, инвестициялардың және Қазақстан Республикасының кепілдігімен берілетін несиelerдің, тікелей инвестициялар мен басқа да осындай көздердің есебінен қаржыландырылатын объектілерді жобалау мен құрылышын салуға арналған мердігерлік тендерлерді ұйымдастыруға және өткізуге қатысады, тендерлердің жеңімпаздарымен жасалған келісім-шарттарды тіркеуді жүзеге асырады; <*>

инвестициялық бағдарламалар мен жобаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасын әлеуметтік-экономикалық дамыту стратегиясының жылдық жоспарларын әзірлеуге қатысады;

Қазақстан Республикасының құрылыш, сәулет, қала құрылышы, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне талдау жасауға және болжамдар әзірлеуге қатысады;

сәулет пен қала құрылышының жергілікті органдарымен бірлесіп, қалалар мен басқа да елді мекендерді жоспарлау мен құрылышын салудың нормалары мен ережелерінің сақталуына, аумақтардың, қала құрылышын реттеудің айрықша режимімен пайдаланылуына, тарихи қала құрылышы мұраларының сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

республика аумағы бойынша Мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізуі және оны ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

<*>

басқа да мемлекеттік органдар мен құрылыш үйімдарының құрылыш саласындағы инвестициялық бағдарламаларды орындау жөніндегі қызметін үйлестіреді;

өз күзыретінің шегінде құрылыш, құрылыш материалдары өнеркәсібі, құрылыш индустриясы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық үйімдары мен кәсіпорындарының қызметін үйлестіруді және әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті үйлестіру мен әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

құрылышта баға белгілеуге, құрылыш-монтаж жұмыстарының өзіндік құнына

талдау жүргізеді, құрылыш өнімдеріне бағаны қалыптастыру үшін әдістемелік негіз әзірлейді, құрылыштың сметалық құнын анықтаудың тәртібін белгілейді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылыш саласындағы мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін басқарады, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асырады;

сертификаттауға және құрылыш өнімдеріне белгіленген тәртіппен сертификаттар беруге жәрдемдеседі; <*>

Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалатын қызмет түрлері бойынша лицензиар рөлінде іс-әрекет етеді;

Қазақстан Республикасының аумағында сәулет-қала құрылышы қызметі саласында мемлекеттік нормалардың, ережелердің, басқа да міндепті талаптардың сақталуына, объектілер мен кешендердің мақсатына, меншік нысандарына, шетел инвестицияларын қоса алғанда қаржыландыру көздеріне қарамастан, олардың құрылышының, қайта жаңартудың, құрделі жөндеудің сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауын жүзеге асырады; <*>

белгіленген тәртіpte инвестициялардың, құрылышқа арналған жобалардың, сондай-ақ қала құрылышы құжаттамаларының техникалық-экономикалық негізdemelerінің мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасын жүргізуі қамтамасыз етеді;

олардың арналу мақсатына қарамастан, республикалық бюджет қаражатының , инвестициялардың немесе мемлекеттің кепілдігімен шетелдік несиelerдің есебінен қаржыландырылатын объектілердің құрылышын салудың, кеңейтудің және қайта жаңартудың техникалық-экономикалық негізdemelerі мен жобаларын бекітудің тәртібін әзірлейді; <*>

құрделі құрылыш пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың мұқтажы үшін озық технологияларды әзірлеу жөнінде ұсыныстар әзірлейді, өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер құрылышының эксперименттік, үлгілік және базалық жобалық шешімдерін әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады;

жобалауда, құрылыш салуда, құрылыш материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын шығаруда, өндірісте және тұрғын үй-коммуналдық қызметтер ұсынуда шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

еңбекті ұйымдастыру мен нормалауды жетілдіру мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз етуге, сондай-ақ қолданылып журген тарифтік-біліктілік анықтамалығына енбеген жұмысшылардың мамандықтары мен қызметшілердің лауазымдары бойынша тарифтік-біліктілік сипаттамаларын әзірлеуге қатысады; <*>

ғылыми зерттеудің бағыттарын айқындауға қатысады, республикалық

бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын салалық ғылыми-зерттеу және жобалау-іздестіру жұмыстарын орындауды үйымдастырады;

халықаралық ынтымақтастықтың жалпы жүйесінің аясында шетелдермен және халықаралық ұйымдармен құрылыш саласындағы ғылыми-техникалық және экономикалық байланыстарды жүзеге асырады, ТМД елдерінің құрылыш қызметіндегі ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық кеңесінің жұмысына қатысады;

құрылыш, сәulet, қала құрылышы, тұрғын үй және тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылық салаларында әлеуметтік, экономикалық және техникалық саясатты әзірлеуде қоғамдық бірлестіктермен және ұйымдармен ынтымақтастық жүргізеді;

төтенше жағдайлардың зардалтарын жою және азаматтық қорғаныс жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуге қатысады.

ЕСКЕРТУ. 8-тармак өзгерді - ҚРУ-нің 1998.12.08. N 1256 қаулысымен.

P981256_

IV. ҚҰҚЫҚТАРЫ

9. Комитеттің өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру барысында:

өз құзыретінің шегінде ведомстволық нормативтік актілерді қабылдауға және бекітуге, құрылыш, сәulet, қала құрылышы, тұrғын үй мен тұrғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту салаларында атқару үшін міндетті нұсқаулар беруге;

белгіленген тәртіппен орталық және жергілікті атқарушы органдардың сәulet-қала құрылышы қызметі саласындағы нормативтік актілерге қайшы келетін актілері мен жекелеген шешімдерінің қолданылуын тоқтата тұру және тоқтату жөнінен ұсыныстар енгізуге, құрылыш, сәulet, қала құрылышы, тұrғын үй мен тұrғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту, жылжымайтын мүлікті бағалау салаларында нормаларды, ережелерді, нұсқаулықтарды және әдістемелік күжаттарды қолдану мәселелері жөнінде өзге де шешімдер қабылдауға;

құрылыш, сәulet, қала құрылышы, тұrғын үй және тұrғын үй-коммуналдық

шаруашылық мәселелері жөнінде басқа да орталық атқарушы органдар өзірлеген зандардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар енгізуге;

белгіленген тәртіппен құрылыш өнімдерін сертификаттау жөніндегі сынақ лабораторияларын (орталықтарын) тіркеуді жүзеге асыруға;

зандармен белгіленген жағдайларда және тәртіппен лицензиялауды жүзеге асыруға;

қажет болған жағдайда зандарда белгіленген тәртіппен өндірістің басқа салаларының, ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық үйымдардың мамандарын сарапшылар ретінде тартуға; <*>

құрылыштың барлық сатысында құрылыш өнімдерін шығару кезінде нормативтік-техникалық және жобалық құжаттамалар талаптарының сақталуына сәулет-қала құрылышы бақылауы мен қадағалауды жүзеге асыруға, анықталған тәртіп бұзушылықтар үшін зандарда белгіленген санкцияларды қолдануға;

жергілікті құрылышты, сәулетті, қала құрылышын, аумақтарда құрылыш салуды және мемлекеттік қала құрылышы кадастрын басқару органдарының қызметіне, әдістемелік басшылық жасау мен оны үйлестіруді жүзеге асыруға;

ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындарды құру, қайта үйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге; <*>

өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдардан,

үйымдардан, кәсіпорындардан, лауазымды тұлғалардан және азаматтардан ақпараттар сұратуга және алуға;

<*>

қолданылып жүрген зандарға сәйкес басқа да өкілеттіктерді пайдалануға құқықтары бар.

ЕСКЕРТУ. 9-тармак өзгерді - ҚРҮ-нің 1998.12.08. N 1256
қаулысымен.

P981256_

10. Комитеттің өз құзыретінің шегінде қабылданған шешімдері барлық басқару органдарының, үйымдардың, лауазымды тұлғалардың, азаматтардың атқаруы үшін міндетті.

V. ЖАУАПКЕРШЛІГІ

11. Комитет өзіне жүктелген міндеттердің уақытылы және сапалы атқарылуы үшін жауапкершілікте болады.

12. Комитеттің төрағасы:

мемлекеттік стратегиялар мен Комитеттің басымдықты мақсаттарының іске асырылуы үшін;

мемлекеттік басқару органдарының тұрғын үй және құрылыш саясаты мәселелері жөніндегі қызметтің үйлестіру ісінің жай-күйі үшін дербес жауапкершілікте болады.

VI. ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТАҮРУ

13. Комитеттің жүйесіне жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау (Мемсараптау), мемлекеттік сәulet-құрылыш инспекциясы (Мемсәuletқұрылышинспекциясы), жылжымайтын мулікті бағалау (Меммұлікбағалау) жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындары, сәulet-қала құрылышы қызметтің лицензиялаудың республикалық мемлекеттік орталығы (Мемқұрылышлицензия), Қазақ жер сілкінісіне төзімді құрылыш және сәulet ғылыми-зерттеу институты (КазНИИССА) кіреді.

14. Комитетті Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастын және қызметтінен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі қызметке тағайындастын және қызметтінен босататын екі орынбасары болады. <*>

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - КРУ-нің 1998.12.08. N 1256 қаулысымен.

P981256_

15. Төраға:

Комитеттің қызметтіне басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді;

белгіленген тәртіппен Комитеттің құзыреттіне кіретін мәселелер бойынша заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді;

орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің міндеттерін бөледі; <*>

Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтінен босатады, көтермелейді және тәртіптік жаза қолданады;

қызметкерлердің белгіленген саны мен еңбекақы төлеу қорының шегінде Комитеттің штаттық кестесін, бөлінетін қаржының шегінде аппаратты ұстауға арналған шығыстардың сметасын, сондай-ақ Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

Комитет бойынша бүйіркітпес мен өкімдер шығарады;
лауазымы бойынша Комитеттің Ғылыми-техникалық Кеңесінің төрағасы болып табылады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өз өкілеттігінің шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Комитетті білдіреді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша халықаралық қоғамдастықтар мен ұйымдарда мемлекеттік басқару органдарын білдіреді;
өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.12.08. N 1256
қаулысымен. P981256_

16. Комитетте құрылыш, сәулет, қала құрылышы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы проблемаларды талдау, бағдарламаларды, жобаларды және нормативтік-техникалық құжаттарды қарау және бекіту үшін сәулет, құрылыш, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша Ғылыми-техникалық кеңес құрылады.

Ғылыми-техникалық кеңестің жеке құрамы мен ол туралы Ережені Комитет төрағасы бекітеді.

<*>

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ абзацпен толықтырылды - ҚРУ-нің 1998.12.08.
N 1256 қаулысымен.
P981256_

17.
<*>

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ алғыншын тасталды - ҚРУ-нің 1998.12.08.
N 1256 қаулысымен.
P981256_

18. Комитетті қайта ұйымдастыру мен тарату қолданылып жүрген зандарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚРУ-нің 1998.12.08.

N 1256 қаулысымен.

P981256_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1778 қаулысына
қосымша

<*>

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚРУ-нің 1998.12.08. N 1256 қаулысымен.

P981256_

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және
сауда министрлігінің Құрылыш істері жөніндегі
комитетінің (Қазқұрылышкомитеті)
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Тұрғын үй саясаты және коммуналдық шаруашылық басқармасы

Экономикалық талдау және жоспарлау басқармасы

Сәulet, қала құрылышы және мемлекеттік қала құрылышы
кадастры басқармасы

Техникалық нормалау, жобалау және ғылым басқармасы

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда
министрлігінің Құрылыш істері жөніндегі комитетінің

Астана қаласындағы өкілдігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК